



ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Ауыл әйелдеріне мүмкіндік мол

◀1

Елімізде «Coca-Cola белестері» атты әлеуметтік жобаның іске асырылып келе жатқанына 11 жыл болыпты. Жобаның басты мақсаты – ауыл әйелдерін кәсіпкерлікке баулу.

2013 жылы негізі қаланған осы жоба аясында он жылдың ішінде 65 мыңнан астам әйел түрлі тренингтен өтіп, олардың 117-сі өз ісін дамытуға грант алып, 300-ден астам жұмыс орнын ашқан екен. Әйелдердің кәсіпкерлігін қолдау арқылы ауылдың тұрақты дамуына ықпал ету өте маңызды. Биыл тағы да 20 әйел грантқа ие болмақ.

– 6 жыл бұрын осындағы әйелдер өздерінің тәжірибесімен бөліктері келіп, осындай пікірталас алаңын ұйымдастыруды ойластырды. Сөйтіп, 2019 жылдан бастап ауыл әйелдерінің форумын еліміздің әр аймағында өткізу дәстүрге айналды. Облыстық деңгейден бөлек форум республика деңгейінде де өтеді. Бұл форумды билік пен халықтың арасындағы көпір десек те болады. Ал көпірдің мықты болуы әйелдердің өзіне байланысты, – деді Майра Айсина.

Ауыл әйелдері форумының шындап келгенде талай мәселенің түйінін тарқатуға себепші болғаны рас. Мемлекет 2019 жылдан бастап көпбалалы аналарға грант бере бастады. Басында жоғары пайызбен берсе, қазір оның мөлшері 2,5 пайызға түсті. Майра Айсина әкімдік өкілдеріне сол екі жарым пайыздық несие кім болса соған бермей, тренингтерден өткен білімі бар, іскер әйелдерге беру керек екенін тағы да естеріне салды.

Форумға жиналғандарды Парламент Сенатының депутаты Ольга Булавкина, облыс әкімі аппаратының басшысы Ербол Нұрғалиев құттықтап,

жылы лебіздерін білдірді.

– Нәзік жандылар кез келген істі бар күш-жігерін, жан жылуын сала отырып атқарады. Олар үнемі белсенді, жігерлі, ешбір қиындықтан тайсалмай, мақсатқа жетпей қоймайды. Біз әйелдердің бастамасын әрдайым қолдап отыруға тиіспіз. Форум сәтті өтіп, баршаға пайдалы болады деп сенемін, – деді Ербол Жолдасбекұлы.

Ал форумға онлайн режимінде қосылған ел Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия тәрайымының орынбасары Ләззат Сүлеймен ауылдың дамуы, өркендеуі әйелдердің қолында екенін ашып айтты. Сондықтан мемлекеттің әйелдер кәсібін дамытуға арналған жеңілдіктерін ауыл әйелдеріне жеткізу керек.

Жалпы, елімізде 19 миллион халық болса, оның 8 миллионнан астамы әйелдер екен. Сондай-ақ Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалардың өзі 6 миллионнан асады. Былайша айтқанда, еліміздегі 14 миллион халық – әйелдер және олардың балалары. Сондықтан билік басындағы ер-азаматтар шешім қабылдаған кезде халқымыздың 14 миллионына қатысты шешім қабылдайтын ескеруі керек. Л.Сүлеймен соңғы сайлаудан кейін мәслихаттардағы және Парламенттегі әйелдер қатарының 10 пайызға азайып кеткенін, алда мәслихаттар мен Парламент үшін әйелдерді дайындауға көңіл бөлу керек екенін де өз сөзінде ашып айтты.

– Абай облысында болған сапарында әйелдерді бизнеске оқыту тиісті деңгейде өтпейтінін және мемлекеттік бағдарламалардың әлі де болса қолжетімсіз екенін білдім. Сондықтан «Атамекенмен» бірлесіп осы білімнің ауылдағы әйелдерге қолжетімді болу



Аяужан Утеулинова

жағын қарастырайық. Ауылда кейбір әйелдер 23-24 пайызбен банктен несие алып, бизнеспен айналысып отыр. Сондықтан мемлекеттің жасап жатқан бағдарламалары, әйелдерге арналған жеңілдіктері туралы ақпарат жер-жердегі әйелдерге жетпей жатыр деп айтуға болады. Бұл мәселені жергілікті жерлердегі әйелдер комиссиясында қарау керек, – деді Ләззат Сүлеймен.

Айтуынша, қазір орта бизнестің 50 пайызы, шағын бизнестің 70 пайызы – әйелдердің қолында.

Форумда сондай-ақ еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті директорының орынбасары Айжан Жапарбаева сөз алды.

Жалпы, 1 шілдеден бастап елімізде Әлеуметтік кодекс қабылданғаны белгілі. Осы кодекс аясында он жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жұмыспен қамту орталықтары мансап орталықтары болып қайта құрылып, жұмысын жалғастыруда. Жұмыс-

пен қамту шаралары ешқашан тоқтмайды. Қазіргі кезде жұмыспен қамту шаралары кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылуда. Айжан Жапарбаева оның негізгі үш бағытын да атап өтті. Біріншісі, қысқа мерзімді курстардан өту. Жұмыс берушінің тапсырысы шеңберінде жұмыссыз азаматтар, оның ішінде әйелдер қысқа мерзімді курстан өтсе, келешекте жұмысқа орналашу мүмкіншіліктері бар. Биыл екі мыңнан астам әйел осы курстан өткен көрінеді. «Бастау бизнес» жобасы аясында «Кәсіпкерлік негіздерін» оқығандардың қайтарымызсыз грант алуға да мүмкіндігі бар. Грант мөлшері жыл сайын өсуде. Алғашқы жылдары 250 мың, 500 мың болса, осы жылы 1,3 миллион теңгені құрап отырған көрінеді. Әрине, грант конкурстық негізде, комиссияның шешімі бойынша беріледі.

Биылғы жақсы жаңалық – 35 жасқа дейінгі жастарға 2,5 пайызбен несие беру. Егер осы кредитті алам деушілер

болса, аграрлық кредиттік картаға жүгінуге болады.

Үшінші бағыт – субсидияланған жұмыс орындары. Бұл – бұрыннан келе жатқан шаралардың бірі. Осы субсидияланатын жұмыс орындарына жыл басынан бері 82 мыңнан астам әйел қатысыпты. Университет бітірген жас азаматшалар жастар практикасына, жұмыссыз қалған зейнеткерлік жасқа дейінгі азаматшалар «Күміс жас» жобасына қатыса алады.

Ауыл шаруашылығы министрлігі стратегиялық жоспарлау және талдау департаментінің басқарма жетекшісі Олжас Тілебадин өз сөзінде әйелдер ел экономикасының маңызды саласының бірі болып табылатын аграрлық сектордың дамуына үлкен үлес қосып жатқанын ерекше атап өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінде агроөнеркәсіп кешенінде болсын, жеңіл өнеркәсіп, азық-түлік өндірісі мен басқа да қызмет көрсету салаларында әйелдер басқаратын кәсіпорындар табысты жұмыс атқаруда. Бұл еліміздің гендерлік саясатының дұрыс бағытта дамып жатқанын және әйелдер кәсіпкерлігіне тиісті деңгейде қолдау бар екенін айқын дәлелдейді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, форумның өтуіне «Жасыл экономика» жобасы және G-Global дамыту Коалициясы» ЗТБ, «Әлеуметтік динамика» қоғамдық қоры, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, Абай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Ұлытау облыстарының әкімдіктері ұйытқы болыпты.

Қорытынды шара – ауыл әйелдерінің VI республикалық форумы болмақ. Онда барлық облыстардан келген делегациялар Астанада бас қосатын болады.

СТАТИСТИКА

Азық-түлік 5,8 пайызға қымбаттаған

Инфляцияның жалпы деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі облыс бойынша биылғы қаңтар-маусымда 105,8%-ды құрады. Азық-түлік тауарлары 5,8%-ға, азық-түлік емес тауарлары 6,3%-ға, халыққа қызмет көрсету 5,0%-ға қымбаттаған. Ал былтырғы желтоқсанмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың бағалары 1,3%-ға азайды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің облыс бойынша Ұлттық статистика бюросы департаментінің басшысы Ерназ Нұрланов айтты берді.

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Биылғы бірінші жартыжылдықтағы өңірміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы баяндалған жылында айтылғандай, облыста өнеркәсіп өндірісінің республикалық көлемінің 5,4%-ы өндіріліп, ол 1 трлн 219,9 млрд теңгені құрады. Өнеркәсіп өндірісінің индексі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 104,9%-ды құрады.

– Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінен тау-кен өнеркәсібінде және карьерлерді игеруде өндіріс көлемі 6,8%-ға, өңдеу өнеркәсібінде 5,3%-ға өсті. Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау саласын-

да 7,6%-ға, сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою қызметі саласында өндірістің 14%-ға төмендегені байқалды, – деді Ерназ Нұрланов.

Өңірдегі маңызды саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Бұл бағытта жалпы өнім көлемі 134,9 млрд теңгені құрады. Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда ет өндіру 29,9%, сүт 3,7%, жұмыртқа өндіру 2,2%-ға артқан.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі алты айда 490,6 млрд теңгені құрады. Бұл былтырғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда қолданыстағы бағалармен 22,9%-ға, салыстыр-

малы бағалармен 3,4%-ға көбейді. Ал көтерме сауда тауар айналымы салыстырмалы бағалармен 10,6%-ға көбейді.

Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 98,2 млрд теңгені құрады, бұл былтырғы қарағанда 6,5%-ға көп. Мердігерлік жұмыстардың облыс көлеміндегі негізгі үлесінің 90%-ы жекеменшік нысандағы кәсіпорындарға келсе, шетелдік кәсіпорындар үлесі 10%-ды құрады. Орындалған құрылыс жұмыстарының республика көлеміндегі өңірдің үлесі – 4,1%.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 258,4 млрд теңгеге жетті, бұл 2022 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 10,7%-ға көп.

Қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар құрылымында кәсіпорындардың меншікті қаражаты – 68,1%, республикалық бюджет қаражаты – 3,1%, жергілікті бюджет қаражаты – 23,7%, банк кредиттері – 1,0%, өзге де қарыз қаражаттары 4,1%-ды құрады. Инвестициялардың республикалық көлеміндегі өңірдің үлесі 3,8%-ды құрады.

Биылғы 1 маусымдағы жағдай бо-

йынша облыс халқының саны 729,8 мың адамды құрады, оның ішінде 484 мың адам қала және 245 мың 800 адам – ауыл тұрғындары. 1 қаңтардан бергі кезең ішінде облыс халқының саны 425 адамға азайды. Қала халқының үлесі 0,1 пайызға артып, ауыл халқы 0,4 пайызға кеміген.

Зерттеу деректері бойынша облыстағы жұмыссыз халықтың саны – 17823 адам.

Ерназ Нұрланов жұмыскерлерге есептелген орташа айлық жалақы (шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда) 328 528 теңгені құрайтынын айтты. Осылайша 2022 жылғы 1-тоқсанға қатысты алғандағы өсім қарқыны 115,4%-ды құраған. Еліміздің басқа өңірлерінің ішінде еңбекақы деңгейі бойынша біздің облыс алтыншы орында. Орташа айлық жалақының ең жоғары мөлшері өнеркәсіпте 504 230 теңге болса, ең төменгі көрсеткіштің қызметкердің өзге де түрлерін ұсынуға 154 237 теңге.

Бірінші шілдедегі жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалардың саны 14898, бұл көрсеткіш былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 1,5%-ға

JMMY ПИКАЦИИ ВОСТОЧ

SERVICE OF THE EAST KA



өскен. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны – 11332.

Ал облыстағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 12058, яғни өткен жылмен салыстырғанда 0,6%-ға артқандығы айтылды.

СПОРТ

Парижде кімге сенім артамыз?

Шығыс Қазақстан облысынан алдағы жазғы Олимпиада ойындарына 18 спортшы қатысу мүмкін. Бұл туралы облыстық денешынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Серік Құсымбаев мәлім етті.

Аймақтық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында басқарма басшылығы Парижде жалауын желбірететін жазғы Олимпиадаға дайындықтың қалай жүріп жатқаны туралы да аз-кем сөз саптады. Естеріңізге салайық, Франция астанасындағы жаһандық ойындар 2024 жылдың 26 шілдесі мен 11 тамызы аралығында өтеді деп жоспарланған.

Белгілі болғандай, дүбірлі додаға облысымыздан 18 адам қатысуға үміткер екен. Олар спорттың жеті түрінен сынға түспек.

– 2023 жыл олимпиадалық спорт түрлерін серік еткен сандақтарымыздың бірталайы үшін күрделі болатыны анық. Себебі, олар алдағы байрақты бәсекелерде жеңіс үшін барын салып, Парижде өтетін

Олимпиада ойындарында еліміздің намысын қорғауға лайық екенін дәлелдеуі керек. Бір белгілісі, Олимпиада лицензиясы үшін облысымыздың 18 спортшысы сынға түсетін болады. Бұл ретте аталмыш тізімге енген спортшылардың табан ет, маңдай тер еңбегімен қатар, жаттықтырушылар мен оқытушылар құрамының үйлесімді жұмысын да ерекше атап өткен абзал. Осы ретте алдағы іріктеу сындырында спортшыларымызға сәттілік тілей отырып, өткен кезеңдердегімен салыстырғанда нәтижелеріміз біршама жақсарды деген сенімдемеміз! – дейді басқарма басшылығы.

Айтпақшы, Олимпиада жолдамасы үшін күресетін сол 18 жерлесіміз кім? Енді соларға қысқаша тоқталсақ,

Облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сәйкес, Парижде өтетін ойындардың лицензиясына таласатын спортшыларымыздың жартысына жуығын жеңіл атлеттеріміз құрайды екен. Олардың арасында Надежда Дубовицкая (биіктікке секіру), Элина Михина (орта қашықтықтарға жүгіру), Жанна Мамажанова (ұзақ қашықтыққа жүгіру), Галина Якушева (спорттық жүріс), Дэйзи Джелкемей (кедергілері бар үш мың және бес мың метрге жүгіру), Каролин Кипкири (ұзақ қашықтыққа жүгіру), Шадрек Коеч (ұзақ қашықтыққа жүгіру) пен Нора Тануи (кедергілері бар үш мың және бес мың метрге жүгіру) бар. Сонымен қатар Олимпиада жолдамасын сарапқа салатындардың тізімінен еркін күрес шеберлері Азамат Дәулетбеков пен Данияр Қайсановтың есімдерін де көруге болады. Ерекше сенім артылып отырған 18 саңлақтың арасынан грек-римшілер Ернар мен Ернұр Фидахметовтер, ескек есу слаломының шеберлері Александр Куликов пен Қуаныш Еренғайыпов, каноэмен ескек есуден сынға түсетін Маргарита Торлопова, ауыр атлет Денис Уланов, семсерлесушілер Руслан Курбанов пен Вадим Шарлаимов та табылған.

Сонымен қатар брифинг барысында Серік Құсымбаев бүгінде әртүрлі спорт түрлері бойынша ел құрамаларына 707 шығыс-қазақстандық спортшы еніп отырғанын да ерекше атап өтті.

– Ағымдағы жылдың алты айында ғана біздің спортшылар 3 303 медаль жеңіп алса, оның 1 208-і алтын, 1 031-і күміс және 1 064-і қола жүлде болды. Бұған қоса үш жүзге тарта спортшымыз 35 халықаралық турнирге қатысуды жоспарлап отырғанын, ал 170 саңлағымыз Әлем және Азия чемпионаттарында ел намысын қорғайтынын атап өткен орынды, – дейді спикер.

Сәрсен Қабылым

БІЛІМ

ШҚТУ студенті «Яндексте» білім алады

Әлемге әйгілі және ТМД аумағындағы ең ірі компаниялардың бірі «Яндекс» түрлі бағытта білім беруге іріктеу жариялаған болатын. Осы байқауда Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенті Максим Синельников екінші кезеңге өтіп, Яндекске жұмысқа орналасуға мүмкіндік алды.

Компанияның білім беру бағыттары – backend әзірлеу мектебі, интерфейсдерді әзірлеу мектебі, мобильді әзірлеу мектебі және басқалары.

Осы аталған мектептерге іріктеу жүргізілгенде оған университеттің Ақпараттық технологиялар және зияткерлік жүйелер мектебінің төрт студенті қатысқан.

Университеттің баспасөз қызметінің мәліметінше, іріктеу кезеңінде бастапқы білім деңгейі бар үміткерлерді таңдауға мүмкіндік беретін күрделі тапсырмалар жиынтығы ұсынылған. Іріктеу кезеңіндегі сынақтардан тек бір студент – Максим Синельников сүрінбей өтті. Ол техникалық университетте білім ала жүріп, ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттер мен технологиялар трансфері орталығында еңбек ететінін айта кеткен жөн.

Компания жариялаған бағыттар бойынша ТМД елдерінің ең үздік деген 850 студенті сынақтан өтті. Осылайша өскемендік студент Интерфейстер әзірлеу мектебінің бірінші курсына түсті.

Маусымның 6-сы мен 21 шілде аралығында өткен бірінші кезеңде апта сайын Яндекстің үздік мамандары лекция жүргізді. Әр лекциядан кейін тәжірибеге бағытталған күрделі үй тапсырмалары беріліп, ол өз кезегінде алған білімдерін бекітуге, өздігінше қосымша ақпарат жинауға үйретті. Әр үй тапсырмасының тиянақты орындалуы, лекцияға, факультативке қатысқаны үшін әр студентке балл қойылып отырды.

Жуықта екінші кезеңге өткендердің тізімі жарияланды. Интерфейстер әзірлеу мектебі студенттерінің 60%-ы екінші кезеңге өтті, оның ішінде Максим Синельников те бар.

Шешуші екінші кезең офлайн форматта, 4-27 тамыз аралығында, негізгі үш қалада: Мәскеу (Ресей), Белград (Сербия) және Алматыда (Қазақстан) өтеді. Дарынды студенттер Яндекс кеңсінде, жетекші мамандардың бақылауымен және басшылығымен ІТ жоба құруға бірегей мүмкіндік алады. Әртүрлі бағыттағы студенттер командаларға бірігіп, нақты жобалармен жұмыс істейді. Бұдан бөлек демалыс күндері әртүрлі хакатон түрінде қосымша тәжірибелік тапсырмалар беріледі.

Екінші кезеңнен кейін Яндекске жұмысқа орналасуға немерсе тағылымдамадан өтуге мүмкіндік беріледі.

А.Ихсанова

